

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№4 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

24 қараша 2022 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2022 жылдың 24 қарашасы, сағат – 15:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2022 - 2023 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін және сын-пікір берушілер тізімін бекіту *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы – Е.Ш.Шахабаев)*;

2. Дипломдық жұмыстың немесе дипломдық жобаның орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімін және бағдарламаларын бекіту *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев)*;

3. 2022 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасуы туралы *(Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы - С.М. Мұхиддинова)*.

4. Әртүрлі мәселелер.

4.1. Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту *(Факультет төрағалары)*.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2022 - 2023 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда дипломдық жұмыс (жоба) тақырыптары және сын-пікір берушілер тізімге сәйкес бекітілсін *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев)*.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1. 2022-2023 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша бітірушілер қорытынды аттестаттауда және диплом жобасынан босатылған жағдайда тапсыратын кешенді емтихандар пәндерінің тізімдерін

және бағдарламаларын бекіту үшін Сенатқа ұсынылсын (Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев).

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1. 2022 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жетілдіру мақсатында кадр даярлаушы кафедралардың Жол картасы бекітілсін және әрбір білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс берушілермен ортақ іс-шаралар жоспары жасалсын (жауапты - факультет декандары, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері мен мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, орындалу мерзімі 10 желтоқсан 2022 жыл);

3.2. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін жетілдіру мақсатында бекітілген Жол картасы мен іс-шаралар жоспарының орындалу есебі факультет деңгейінде сараптамалық талдау жасалсын (грант, квота, ақылы оқу түрінде), нәтижесі Оқу-әдістемелік комитетте қаралып, Сенат мәжілісіне ұсынылсын (жауапты - факультет декандары, орындалу мерзімі қаңтар айы 2023 жыл);

3.3. Білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші Түркия квотасын үлестіру кезінде ескерілсін (жауапты – қабылдау комиссиясының хатшысы, орындалу мерзімі қабылдау комиссиясы кезеңінде);

3.4. Түлектермен байланыс орнату алгоритмі дайындалып, Оқу-әдістемелік комитетке ұсынылсын (жауапты - мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, орындалу мерзімі желтоқсан айы 2022 жыл);

3.5. 2022-2023 оқу жылына кәсіптік практикадан өту үшін келісім-шарт жасалған мекемелерде бітіруші курс білім алушыларының өндірістік практикадан өтуі мен оқуын бітіргеннен кейін сол мекемелерде бос жұмыс орындары болған жағдайда бітірушілерді жұмысқа қабылдау туралы келісімдер жүргізу (жауапты - кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері мен мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы, орындалу мерзімі 08 сәуір 2023 жыл).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1. Теология факультетінің оқытушысы А.Бейсеновтың «Діндер тарихы» атты оқу құралындағы көрсетілген кемшіліктерді түзетіп, қайта қарауға ұсынылсын (Жауапты: ОӘК хатшысы – А.Тасова).

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшірпін алынды. Көшірме дұрыс.

Оқу-әдістемелік комитет хатшысы  А.Б.Тасова

